

Алғы сөз

«Өлкетану әдебиеттерін насихаттауға арналған көмек құралы» атты библиографиялық әдебиеттер көрсеткішін Н.В.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы 1971 жылдан бастап жыл сайын құрастырып шығарады.

Бұл көрсеткіште облысымыздың тарихындағы, экономикасы мен мәдениетіндегі көрнекті даталарға, белгілі қоғам қайраткерлерінің мерейтойлық даталарына қысқаша анықтама жазылып, әдебиеттердің ұсыныстық тізімі беріледі.

Көрсеткіш материалдары хронология бойынша тізілген және де «Анықтамасыз және әдебиеттер тізімісіз қосымша даталар» тізімі бар. Айы мен күні белгісіз даталарды кітапханаларда жыл бойында қашанда болса атап өтуге болады.

Материалдарды жинақтауда Н.В.Гоголь атындағы кітапхананың каталогы, өлкетану картотекасы мен электрондық өлкетану каталогы пайдаланылды.

Әдебиеттер тізімін кейінгі кітаптармен және мерзімді басылымдар материалдарымен толықтырып отыру қажет.

Көрсеткіш қазақ және орыс тілдерінде жасалған, кітапханашыларға, оқырмандарға, барша өлкетану әдебиеттерін насихаттаушыларға арналған.

Аталып өтілетін даталар

5 қаңтар 1911	Ж.Алтайбаевтың туғанына 100 жыл
9 ақпан 1911	Кеңес Одағының Батыры П.П. Корниенконың туғанына 100 жыл
2 наурыз 1936	Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері А.Ф.Христенконың туғанына 75 жыл
5 маусым 1936	Жазушы, қаламгер Сапарғали Ләмбекұлының туғанына 75 жыл
27 шілде 1946	Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтың туғанына 65 жыл және ғарышқа ұшқанына 20 жыл (2 қазан 1991)
3 тамыз 1936	Қарағанды облысының құрылғанына 75 жыл
Тамыз 1886	Дәрігер Герман Никанорович Алалыкинның туғанына 125 жыл
15 тамыз 1961	Абай және Шахтинск қалаларының құрылғанына 50 жыл
10 қыркүйек 1921	Даңқ орденінің толық иегері Мүтәш Сүлейменовтың туғанына 90 жыл
10 қазан 1911	Қазақ ақыны Қ.Аманжоловтың туғанына 100 жыл
16 қараша 1936	Облыстық қаржы басқармасының құрылғанына 75 жыл
15 желтоқсан 1911	Ақын, жазушы Әуезхан Көшімовтың туғанына 100 жыл
17-18 желтоқсан 1986	Қарағандыда студенттерінің «Желтоқсан» оқиғасына қатынасқанына 25 жыл
1886	Ақын Иманжан Жылқайдаровтың туғанына 125 жыл
1931	Қарлагтың құрылғанына 80 жыл
2001	ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы атындағы этнопаркке 10 жыл
2001	Астанаға «Отан қорғаушылар» монументін орнатқанына 10 жыл»

5 қаңтар 1911 Сықақшы жазушы, аудармашы Жүсіп Алтайбаевтың туғанына 100 жыл



Ж.Алтайбаев 1911 жылы 5 қаңтарда Жезқазған облысы Шет ауданының 10 ауылында дүниеге келген. 1928 жылдан 1932 жылға дейін Қарқаралы педтехникумында оқып, 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түскен. 1960 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген. 1933-1971 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Қарағанды облысындағы тілшісі, жауапты хатшысы, редакторы, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің жауапты хатшысы, «Вожатый» журналының редакторы, «Комсомол» баспасының Бас редакторы, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты хатшысы, Талдықорған облысы «Сталиншіл» (кейін «Жерұйық»), Семей облысы «Екпінді» (қазіргі «Семей таңы») газеттерінің редакторы, ҚазТАГ-тың директоры, Қазақстан Журналистер одағының жауапты хатшысы, ҚР Телевизия және радиохабары жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, сатиралық «Ара» - «Шмель» журналының Бас редакторы болды.

Баспасөзде 1938 жылдан көріне бастады. 1965 жылы алғашқы сатиралық жинағы «Нақ-нақ» жарық көрді. Кейін «Сыпырғыш» (1969), «Ұя-тай» (1973), «Түлек» (1977), «Бұзаулы сиырға арзан домбыра» (1978), т.б. фельетон, сықақ, әңгіме, повестер жинақтары басылды.

Аударма саласында: Н.Гогольдің «Диканька хуторы маңындағы кештер», И.Тургеневтің «Қарсаңда», М.Горькийдің «Фома Гордеев», Р.Джованьолидің «Спартак», И.Ильф пен Е.Петровтың «Алтын баспақ», «Он екі орындық» романдарын аударды.

3 мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдарымен марапатталған.

Ж.Алтайбаевтың шығармалары:

Алтайбаев Ж. Ағыбай батыр: повесть және әңгімелер; ред. Б. Ысқақов, 1996. - 169 б.

Алтайбаев Ж. Бұзаулы сиырға - арзан домбыра: сатиралық мысқыл-сықақ әңгімелер / Ж. Алтайбаев, 1978. - 169 б.

Алтайбаев Ж. Нақ, нақ: фельетондар, сықақтар, әңгімелер, повесть / Ж. Алтайбаев; ред. А. Асылбеков, 1981. - 326 б.

Алтайбаев Ж. Ұят-ай!: фельетондар мен сықақ әңгімелер / Ж. Алтайбаев, 1973. - 90 б.

Ж.Алтайбаевтың шығармашылығы туралы:

Әлімбекұлы Т. Нақ-нақ ақ мылтық күлкі // Қазақ әдебиеті. - 2001. - 9 қараша(N45). - С. 12

Мұқашұлы Қ. Кісілік пен кішілік: /Жазушы Жүсіп Алтайбаев туралы үзік сыр // Қазақ әдебиеті. - 2001. - 16 наурыз (N11). - С. 12

Алтайбаев Жүсіп // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 116 б.

Алтайбаев Жүсіп // Советтік Қазақстан жазушылары: Био-библиографиялық анықтамалық.- Алматы, 1987.- 23 б.

Алтайбаев Жүсіп // Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық.- Алматы: Ана тілі, 2004.- 20 б.

Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер.- Алматы: Ана Арыс, 2009. - 26 б.

9 ақпан 1911 Кеңес Одағының Батыры П.П. Корниенконың туғанына 100 жыл



1911 жылы 9 ақпанда Тельман ауданы Ростов ауылында дүниеге келген. 1933 жылдан Қарағанды облысы жабдықтау базасының тауар айырушы маманы. 1942 жылдан Кеңес Армиясы қатарында, әскери қызметті 303-атқыштар дивизиясының 347-атқыштар полкінің барлаушылар ротасында атқарады. 1943 жылы 27 қыркүйекте Днепропетровск облысы Верхнеднепровск ауданы Червонное селосы маңында бөлімшенің Днепрден өту сәтінде ерлік көрсетті. Барлаушылар бөлімшесінің құрамында бола тұра 2 пулемет нүктесін, 1 ротадай немістің жаяу әскерін жойып жіберіп, негізгі күштердің оң жағалауға өтуін қамтамасыз етті. 1943 жылғы қазанның 20-да КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен қатардағы жауынгер, барлаушы П.П.Корниенкоға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол сондай-ақ Ленин орденімен, көптеген медальдармен марапатталды.

1945 жылдан Бұқар жырау ауданының Токаревка кентінде тұрды. Тельман ауаткомы төрағасының орынбасары болып істеді. Аудан орталығында батырдың құрметіне аталған көше бар.

1972 жылғы маусымның 10-да дүниеден қайтты.

Әдебиеттер:

Қаушева Б. Қаһарман Қарағандылықтар - Герои Карагандинцы .Қазақстан.- 2000.- 6 мамыр
Корниенко Прокопий Прокопьевич /Қаһарман қарағандылықтар Герои-карагандинцы. /Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2000. - 70 б.

Корниенко Прокопий Прокопьевич Қарағанды. Қарағанды облысы [Мәтін] : энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 299 б.

Корниенко Прокопий Прокопьевич /Қарағанды. Қарағанды облысы [Мәтін] : энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев, 1990. - 239 б.

Корниенко Прокопий Прокопьевич /Қарағандылық Совет Одағының батырлары, 1990. – 31 б.

2 наурыз 1936 – Қазақстанның еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері А.Ф.Христенконың туғанына 75 жыл

Александр Федорович 1936 жылы 2 наурызда Киев қаласында туған. 1954 жылы Харьков машина жасау техникумын үздік белгімен тәмамдады. 1970 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын, одан кейін Қазақ КСР Ғылым академиясы экономика институты жанындағы аспирантурасын бітірді.

Еңбек жолын 1950 жылы Харьков облысындағы Золочевск машина-трактор станциясында комбайншының көмекшісі, комбайншы болып бастады. Техникумды аяқтаған соң Таллин кеме жасау зауытының аспап цехында мастер болып істеді. 1954 жылы комсомолдық жолдама бойынша Қарағанды облысына қарасты Нұра ауданындағы Пржевальский атындағы совхозға жіберілді. Осында трактошы, жөндеу шеберханасының меңгерушісі, тракторшылар бригадасының бригадирі, Қазақстан ЛКЖО Нұра аудандық комитетінің бірінші хатшысы, Нұра ауданындағы «Киев» кеңшарының директоры болып еңбек етті. 1972-1982 жылдары Нұра аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Қарағанды облысы, Тельман ауданындағы Киров атындағы кеңшарының директоры, Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 1-орынбасары болды. 1982 жылдан Қарағанды ауылшаруашылық тәжірибе стансасында (кейін Орталық Қазақстан ауылшаруашылық ҒЗИ, Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ҒЗИ деп аталды) директор, бас директор болды.

Зейнет демалысына шыққаннан кейін Орталық Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу совхоз-институтының Құрметті директоры болды.



11-13 шақырылған ҚР Жоғары Кеңесінің депутаты.

А.Ф.Христенко экономика ғылымдарының кандидаты, 40 жуық ғылыми еңбектің, 2 монографияның, 20 өнертапқыштық ұсыныстың, ауыл шаруашылығы бойынша КСРО мен Қазақстанның 6 ғылыми жаңалық пен өнертабыс куәлінің авторы. Мерзімді баспасөздерде 100-ден астам мақаласы жарияланған. 2001 жылы, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекесі қарсаңында «Қазақстанның құрғақ-далалық аймағындағы ауыл шаруашылығы» («Сельское хозяйство в сухостепной зоне Казахстана») атты кітабын шығарды.

Аймақтың ауыл шаруашылығын көтеруге қосқан үлесі, үлкен ғылыми және қоғамдық жұмыстары үшін «Халық Қаһарманының» Алтын Жұлдызымен (1994), Ленин, Октябрь революциясы, 2 мәрте «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен наградталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері» атағына ие болды. Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы.

Александр Федорович Христенко 2003 жылы 1 қаңтарда қайтыс болды.

Әдебиеттер:

Александр Федорович Христенко // Орт.Қазақстан.- 2003.- 4 қаңтар.-15 б.

Жолдасты еске алу // Орт.Қазақстан.-2003.- 9 қаңтар.-7 б.

Христенко Александр Федорович //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 538 б.

5 маусым 1936 – Жазушы, қаламгер Сапарғали Ләмбековтың туғанына 75 жыл



Жазушы Сапарғали Ләмбеков 1936 жылы 5 маусымда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының «Қайнарбұлақ» аулында туған. Бастауыш сыныптарында оқып жүргенде он екі жасында қатты сырқаттанып, екі құлағы естімей қалған. Мектеп бітірген соң, «Қарқаралы» аудандық газет редакциясына қызметке тұрған. С.Ләмбеков қызмет істей жүріп ҚазМУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1975 жылы бітірген.

С.Ләмбеков көп жыл бойы журналистика мен әдебиет саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан қаламгер. Оның шығармаларының басты тақырыбы–туған өлкенің бай тарихы, ұлтымыздың мақтанышына айналған кешегі атақты адамдарымыздың өнеге боларлық өмірі туралы. Ол дүлдүл күйші Тәттімбетті, әйгілі әнші, сазгер, сері Мәдиді, ақиық ақын Қасымды, белгілі күрескер Уғар (Мұқатай) Жәнібековты, қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовты шалқар қазақ даласына әйгілі еткен қомақты туындылардың авторы.

Әдебиетке балғын шағында-ақ өлеңмен келіп, поэзиялық, прозалық, драмалық жанрларындағы шығармаларды тең ұстаған С.Ләмбековтың республикалық баспалардан «Қарқаралы саздары» атты өлеңдер жинағы, «Қыр қырандары» деген очерктер жинақтары, «Тайталас», «Әке жолы», «Тәттімбет» романдары жарыққа шыққан. Сондай-ақ біраз шығармалары Алматыда басылған жинақтарға енген.

Еңбекқор, талғампаз да тындырымды жазушының қаламынан соңғы жылдары Қарағанды шахтерлерінің өміріне арналған «Қатты қабат», Алаштың айтулы азаматтары туралы сыр шертетін «Арыстар» атты романдары шыққан.

Жазушы-журналист С.Ләмбеков ел құрметіне қапасыз бөленген жан. Ол 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1986 жылы Қарағанды облыстық Кеңесінің, Қазақстан журналистер одағының, 1987 КСРО Мемлекеттік баспасөз Комитетінің, СОКП Орталық Комитетінің, ВЦСПС-тің, БЛЖКО Орталық Комитеттің құрмет грамотасымен марапатталды.

1990 жылы «Кеңес баспасөзінің үздігі» омырау белгісін алған, 1996 жылы Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты атағына ие болған. «Азаттық құрбаны» дейтін балладасы «Балдырған» журналының бәйгісіне ие болған.

С.Ләмбековтың «Қарқаралы саздары» (Алматы, «Жазушы», 1968 ж.), «Қыр қырандары» очерктер жинағы (Алматы, «Қайнар», 1970 ж.), «Тайталас» (Алматы, «Жалын», 1980 ж.),

«Тәттімбет» (Алматы, «Өнер», 1993 ж.), балаларға арналған «Еділбай» (Алматы, «Жалын» 1980 ж.), «Арыстар» дилогиясы (Астана, «Елорда» бірінші кітабы 200 ж., екінші кітабы 2004 ж.), «Қатты қабат» (Алматы, «Алаш», 2006 ж.), Қарағандыдағы «Арқо» баспасынан «Тағдырмен тартыс» ғұмырнамалық хикаясы (2001 ж.), «Туған елдің түтіні» публицистикалық жинағы (2003 ж.), «Сырперне» өлеңдер жинағы (2004 ж.) жарық көрген.

С.Ләмбековтың шығармалары:

- Ләмбеков С. Абай еліне сапар: Жолжазба //Орт.Қазақстан.-1996.- 1 қазан
Ләмбеков С. Ақиқатты ардақ тұтайық: Тарих //Орт.Қазақстан.-1992.- 4 ақпан
Ләмбеков С. Арқалы ақын: Кемпірбай Бөгембайұлының туғанына 160 жыл / Ләмбеков С. // Қарқаралы.- 1994.- 17 желтоқсан
Ләмбеков С. Астаналарды көбейтіп, ауылдарды азайтпайық: Мезгіл мәселесі // Орт.Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-7 б.
Ләмбеков С. Ауа толқындарына саяхат: Рецензия // Коммунизм таңы.- 1979.- 26 мамыр
Ләмбеков С. Аяулы әнші: М.Бәпиұлының туғанына 100 жыл толуы қарсаңында // Коммунизм таңы.- Қарқаралы, 1979.- 7 апрель
Ләмбеков С. Әке жолы: Роман.- Алматы: Жазушы, 1984.- 192 б.
Ләмбеков С. Бозторғай белбеуі: Әңгіме // Коммунизм таңы.-1980.- 30 қыркүйек
Ләмбеков С. Жамантай-хан емес: Тарих // Қарқаралы.- 1992.- 8 ақпан
Ләмбеков С. Жанар: Поэма // Орт.Қазақстан.- 1967.- 11 сәуір
Ләмбеков С. Жарық сәуле: Романнан үзінді // Қарақаралы.-1994.- 20 тамыз
Ләмбеков С. Жыр дәптерінен // Орт.Қазақстан.- 1981.- 5 қырк.
Ләмбеков С. Көрікті өлке өрнектері: / Ю.Поповтың «Қарқаралы» атты кітабына сын/// Орт.Қазақстан.- 1982.- 14 мамыр
Ләмбеков С. Қайда екен, қайда...: лирикалық дастан // Қарқаралы.- 1991.- N2.-52-60 б.
Ләмбеков С. Қайтқанда: Деректі әңгіме // Ленин туы.- 1989.- 22 маусым
Ләмбеков С. «Қаракесек»: Поэмадан үзінді: М.Бәпиұлының туғанына 110 жыл толуына // Ленин туы.- 1989.- 29 шілде
Ләмбеков С. Қарқаралы ғажайыптары: /Ю.Поповтың кітабына қысқаша пікір// Коммунизм таңы.- 1982.- 30 наурыз
Ләмбеков С. Қарқаралы саздары: Өлеңдер мен поэма.-Алматы: Жазушы, 1968.- 71 б.
Ләмбеков С. Қарқаралы: Өлең // Орт.Қазақстан.- 1992.-21 қазан.
Ләмбеков С. Құлақсыз ғұмыр: Бастан кешкендер // Балқантау.-1996.-11 мамыр
Ләмбеков С. Мәди: М.Бәпиұлының туғанына 85 жыл толу қарсаңында // Орт.Қазақстан.- 1964.- 5 июль
Ләмбеков С. Мен бір жан...: Деректі әңгіме // Орт.Қазақстан.-1989.- 1,9,12,13 шілде
Ләмбеков С. Омбыдағы ұшырасу: /Ш.Уәлиханов туралы// Орт.Қазақстан.-1989.-6 қаңтар
Ләмбеков С. Өлеңдері // Орт.Қазақстан.- 1992.- 6 қараша
Ләмбеков С. Өлеңдері // Орт.Қазақстан.- 1993.- 5 тамыз
Ләмбеков С. Петербургте: Деректі әңгіме // Орт.Қазақстан.-1988.- 4 қырк.
Ләмбеков С. Тағдырмен тартыс: Ғұмырнамалық хикаяттан үзінді // Орт.Қазақстан.- 1996.- 22,25 маусым
Ләмбеков С. Тайталас: Роман.- Алматы:Жалын, 1980.- 232 б.
Ләмбеков С. Тәттімбет: Романнан үзінді // Қарқаралы.-1991.-N3.- 40-58 б.
Ләмбеков С. Тәттімбет: Хикаят.- Алматы: Өнер, 1993.- 272 б.
Ләмбеков С. Тәттімбет: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында / Ләмбеков С. // Ленин туы.-Егіндібұлақ, 1990.- 17,27, ақпан, 3, 10 наурыз, 12 сәуір, 5 мамыр
Ләмбеков С. Ұйғарым: Деректі повестен үзінді // Коммунизм таңы.-1981.-26 қырк.
Ләмбеков С. Ұлттық үрдісті ұстанайық // Орт.Қазақстан.-1994.- 4 мамыр
Ләмбеков С. Ұядан ұшарда // Ленин туы.- 1989.- 27 мамыр
Ләмбекұлы С. Ақжанның арашасы: Ақжан Машановтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында// Орт.Қазақстан.- 2005.- 20, 22 қаңтар.-10 б

Ләмбекұлы С. Ақырзаманды алыстатайық, адамзат!: экология// Азия Транзит.- 2003.- N12.- 38-39 б.

Ләмбекұлы С. Арқадағы атақты думан-базар: Қоянды жәрмеңкесінің 150 жылдығына// Қарқаралы.- 1999.- N1-2.-14-17 б.

Ләмбекұлы С. Ақиқаттан аттап өтпейік // Орт.Қазақстан.- 1995.- 7 ақпан

Ләмбекұлы С. Арыстар: Роман.- Астана: Елорда, 2000.- 368 бет.

Ләмбекұлы С. Арыстар: Романнан үзінді// Орт.Қазақстан.- 2001.-10, 13 қаңтар

Ләмбекұлы С. Арыстар: Екінші кітаптан үзінді // Орт.Қазақстан.- 2003.- 1, 4, 6, 8 ақпан.-16, 7, 6, 14 б.

Ләмбекұлы С. Арыстар аруағына бағыштадым. Жазушының жанайқайы: («Арыстар» атты кітабы туралы) //Орт.Қазақстан.- 1997.-4 маусым

Ләмбекұлы С. «Арыстар» әзір шықпайды: Жұмажанға хат //Орт.Қазақстан.- 1998.- 9 сәуір

Ләмбекұлы С. Арыстар: Романнан үзінді // Азия Транзит.- 2000.- №9 (желт.).- 35-38 б.

Ләмбекұлы С. Беу, қазекем: Өлеңдер // Азия Транзит.- 2000.- №2 (мамыр).- 18 б.

Ләмбекұлы С. Ғасыр саңлағы: Тоқтар туралы толғау// Азия Транзит.- 2004.- N6, N8,N9.-34-37 б.

Ләмбекұлы С. Жәкеңнің жетектеуімен жеттік: Жайық Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Азия Транзит.- 2002.- N4.-41-43 б.

Ләмбекұлы С. Заман азаматының тұлғасы: оқыдық, пікір айтамыз!// Орт.Қазақстан.- 2005.- 13 қаңтар.-11 б.

Ләмбекұлы С. Келді шақ жырдың шоғын үрлей-туғын: Ақындардың сырттай айтысы // Орт.Қазақстан.- 1978.- 20 тамыз

Ләмбекұлы С. Келмейді өткім самарқау бұл пәниден: Поэзия // Азия Транзит.- 2002.-N11.-19 б.

Ләмбекұлы С. Көне шаһар көмбелері: Қарқаралы қаласына - 180 жыл// Азия Транзит.- 2004.- N3.-45-47 б.

Ләмбекұлы С. Қазақ халқының досы: Этнограф, саяхатшы Г.Н.Потанин туралы // Орт.Қазақстан.- 2001.- 3 ақпан. Сана.- 2000.- 17, 24 тамыз (N31, 32).-4 б.

Ләмбекұлы С. Қажырлы қаламгер: жазушы Сапарғали Ләмбековпен сұхбат /сұхбаттасқан С.Мұғалімжан // Азия транзит.- Қарағанды, 2006.- N6(маусым).-3-10 б.

Ләмбекұлы С. Қайран қазекем: Өлең // Орт.Қазақстан.- 1992.- 21 наурыз

Ләмбекұлы С. Қайран намыс, қалдың алыс: Ойтолғақ// Азия Транзит.- 2004.- N2.-46-48 б.

Ләмбекұлы С. Қамқоршы: Г.Н.Потаниннің туғанына 160 жыл толуына орай // Қарқаралы.- 1995.- 2 желтоқсан

Ләмбекұлы С. Қасым туралы: [Өлең]// Қарқаралы.- 2001.-8 қыркүйек

Ләмбекұлы С. Қарағандыда меценат жоқ: 2000-Мәдениетті қолдау жылы// Қазақ әдебиеті.- Алматы, 2000.-8 қыркүйек (N36).-9 б.

Ләмбекұлы С. Қарқаралы қыраны: Проза // Азия Транзит.- 2003.- N5, N6.-9-11 б.

Ләмбекұлы С. Қарқаралы қыраны: Ұлы Жеңіске - 60 жыл// Орт.Қазақстан.- 2005.- 7,10,14 мамыр.-5 б.

Ләмбекұлы С. Қатты қабат [Мәтін] : роман / С. Ләмбекұлы, 2006. - 248 б.

Ләмбекұлы С. Матақтың арғы атасы- Дүйсенбай-дүр.:өлке өрнектері // Қарқаралы.- 1995.- 23 желтоқсан

Ләмбекұлы С. Ой орамдары: Ұлағат // Азия Транзит.- 2002.- N9.-38 б.

Ләмбекұлы С. "Поэзия менімен егіз бе еді»...""// Азия Транзит.- 2003.- N12.-30-31 б.

Ләмбекұлы С. Сексеннің сеңгірінде: мерейтой // Қарқаралы.- 2006.- 4 ақпан.- 4 б.

Ләмбекұлы С. Сырперне [Мәтін] : Өлеңдер, балладалар / С. Ләмбекұлы, 2004. - 55 б.

Ләмбекұлы С. Тағдырмен тартыс: Ғұмырнамалық хикаят.- Қарағанды: "Арко" ЖШС, 2001.- 208 бет.

Ләмбекұлы С. Тағдырмен тартыс // Қарқаралы.- 1996.- 4,11,18 мамыр

Ләмбекұлы С. Тектінің тұяғы еді: [Мәди Бәпиұлы туралы]// Қарқаралы.- 2000.- 24 маусым

Ләмбекұлы С. Туған елдің түтіні - Қарағанды: Арко, 2003.- 220 бет.

Ләмбекұлы С. Шымыр жырдың шебері: Халық ақыны Ғ.Игенсартовтың туғанына 100 жыл толуына // Орт.Қазақстан.- 2002.- 14 қыркүйек.-9 б.

С.Ләмбековтың шығармашылығы туралы:

- "Арыстар" жарыққы шықты: Жаңа кітап // Орт.Қазақстан.- 2001.-19 мамыр
- "Арыстар" романының тұсауы кесілді // Орт.Қазақстан.- 2002.- 5 маусым
- Асқарова Н. Халқына қаламмен қызмет еткен: С.Ләмбекұлының туғанына 60 жыл // Қарқаралы.-1996.-22 маусым
- Атыңнан айналайын Қарқаралы.: [Өлеңдер] // Қарқаралы.- 1999.- N3-4.-34-39 б.
- Әбдіқалықұлы Ә. "Тәттімбет" хикаяты хақында // Балқантау-1996.- 7 қырк.Әрінқызы М. Толымды туынды: Оқыдық, пікір айтамыз // Орт.Қазақстан.- 2002.- 13 шілде
- Әдеби Қарағанды: Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: Г.Н.Умбединова.- Қарағанды: б.ж., 2000.- 89 б.- (Облыстық кітапхана-өлкетану орталығы)
- Әрінқызы М. Толымды туынды: Оқыдық, пікір айтамыз // Орт.Қазақстан.- 2002.- 13 шілде
- Досжан Д. Арыстар туралы толық кітап: жазушы Сапарғали Ләмбеков-70 жаста // Орт.Қазақстан.- Қарағанды, 2006.- 23 мамыр.-7 б.
- Бейсенова Б. Туған жер жыршысы: С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуына орай // Қарқаралы.- 1996.- 1 маусым
- Есеева Б. Әкеме деген сағыныш (немесе алыста қалған балалық шақтан бір үзік сыр): Қарқаралы газетіне - 75 жыл // Қарқаралы.- 2006.- 25 ақпан.-5 б.
- Жақыпов Ғ. Асылымызды ардақтайық: С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуы қарсаңында // Қарқаралы.- 1996.- 25 мамыр
- Жандосов А. "Арыстардың" екінші томы шығады: Әдебиет әлемінде// Орт.Қазақстан.-2004.- 6 қараша.-13 б.
- Қанапияұлы Ә. Жазушымыз құрметке әбден лайық: /С.Ләмбеков туралы/ // Қарқаралы.- 1999.- 16 желт.
- Қарағанды облысы. Қарқаралы аудан әкімі. Қарқаралы қаласы Аудан әкімінің "Алғыс хатымен" марапаттау туралы: Қарқаралы аудан әкімінің өкімі // Қарқаралы.- 2006.- 4 ақпан.- 1 б.
- Қасымов Ж. "Арыстарды" шығарайық ағайын: С.Ләмбековтың кітабы туралы // Орт.Қазақстан.- 1997.- 26 қараша
- Қожақызы Н. Халық құрметіне бөленген қаламгер: Сапарғали Ләмбековтың 60 жылдық мерейтойынан репортаж /Оспанов Ш. // Қарқаралы.- 1996.- 6 шілде.- 2 б.
- Қойбағаров Х. Бала шақтан-болашаққа: /С.Ләмбекұлының туғанына 60 жыл толу қарсаңында// Қарқаралы.- 1996.- 1 маусым
- Қырғазалин А. Биік белес: С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуына орай // Қарқаралы.- 1996.- 15 маусым
- Ләмбеков Сапарғали /Қарағанды. Қарағанды облысы [Мәтін] : энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев, 1990. - 370 б.
- Ләмбеков Сапарғали //Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық, 2004. - 389 б.
- Ләмбекұлы Сапарғали //Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер, 2009. - 252 б.
- Мұртаза Ш. Қарқаралыға хат: С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуына арналған құттықтау хат // Қарқаралы.-1996.-N11-12.-16 б.
- Мақымұлы М. Қаланың көркі – халықтың бейнесі: С.Ләмбековпен сұхбат // Қарқаралы.- 1994.- 21 мамыр
- Несіп С. Ақ қағаз – айнымас серігім: С.Ләмбековпен сұхбат // Қарқаралы.- 1998.- 10 қазан
- Омарбеков М. Қайратын қанат еткен қаламына: Жерлесіміз С.Ләмбеков 50 жаста // Коммунизм таңы.- 1986.- 5 маусым
- Омарбеков М. Тұғыры биік талант: С.Ләмбекұлының өмірі мен шығармашылығы // Балқантау.- 1996.- 13 шілде
- Омарбеков М. Өркендері шындықтың өркендері: /С.Ләмбековтың «Тайталас» романы тур./ //Коммунизм таңы.- 1980.-2 тамыз
- Омарбекұлы М. Асылды тот баспайды: шежіре боп мәңгілік сақталады // Қарқаралы.- 2006.- 26 қаңтар.-5 б.
- Омарбекұлы М. "Арыстардың" екінші томы шықты: жерлес жазушының жаңа кітабы// Қарқаралы.- 2005.- 5 ақпан.-3 б.

Омарбекұлы М. Қайратын қанат еткен қаламына: Қарқаралыға - 180 жыл// Орт.Қазақстан.- 2004.- 19 тамыз.-8 б, Қарқаралы.- 2004.-24 шілде

Омарбекұлы М. Ұлан даланың ұлы күйшісі туралы С.Ләмбекұлының хикаяты хақында: Оқыдық, пікір айтамыз // Балқантау.- Егіндібұлақ, 1995.- 12 сәуір

Омарбекұлы М. Ірі жазушының іргелі туындысы // Қарқаралы.- 2002.- 18 мамыр

Оспанов Ш. Оқырмандар ортасында: Жазушы С.Ләмбеков-60 жаста // Орт.Қазақстан.- 1996.- 6 маусым

Оспанов Ш. "Тәттібеттің авторымен кездесу ": С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуы қарсаңында // Қарқаралы.- 1996.- 25 мамыр

Пазылов Ә. Әдеби-сазды кеш // Орт. Қазақстан.- 2006.- 24 қазан

Рахымбайқызы Н. "Арыстар" романының тұсаукесер кеші /Н.Рахымбайқызы, С.Мусина// Қарқаралы.- 2002.- 18 мамыр

Сағымбеков М. Ел тарихын зерделейді: Жерлес жазушының жаңа кітабы // Орт.Қазақстан.- 2003.- 22 шілде.-7 б. Қарқаралы.- 2003.- 1 мамыр

Сапарғали Ләмбекұлы туралы қаламгерлер лебіздері: жазушы Сапарғали Ләмбеков - 70 жаста // Азия транзит.- Қарағанды, 2006.- №6(маусым).-9-11 б.

Семқұл Б. Ақын, журналист, жазушы тойы: С.Ләмбекұлының 60 ж-қ мерейтойынан // Балқантау.- 1996.- 6 шілде

Семқұлтегі Б. Тәттібетті танытқан туынды: /С.Ләмбековтың «Тәттібет» кітабына пікір/ // Орт.Қазақстан.-1994.- 24 желт.

"Тағдырмен тартыс": Жерлес жазушының жаңа кітабы // Қарқаралы.- Қарқаралы, 2001.-14 шілде

Телпекбаева С. "Қатты қабат" романының тұсаукесері: [жазушы С.Ләмбековпен кездесу кеші] // Орт.Қазақстан.- 2007.- 17 мамыр.-6 б.

Тереңге тамыр тартқан талант: /Жазушы С.Ләмбекұлының 60 жасқа толуына арналған бөлім/ // Қарқаралы.- 1996.- №11-12.- 16,17 б.

Халық құрметіне бөленген қаламгер: С.Ләмбековтың 60 ж-қ мерейтойынан репортаж // Қарқаралы.-1996.-6 шілде

Шолақаев Ж. Қыз мінезді, қылыштай өткір қаламгер // Орт.Қазақстан.- 2006.- 2 қыркүйек.-16 б.

Шүменова Г. Бұл - білместік пе, жауапсыздық па?: Оқыдық, пікір айтамыз // Орт.Қазақстан.- 2002.- 21 шілде

27 шілде 1946 - Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтың туғанына 65 жыл және ғарышқа ұшқанына 20 жыл (2 қазан 1991)



Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарқаралы ауданы, 1 Май ауылында дүниеге келді. Әкесі Әубәкір ауыл- аймаққа белгілі ұста болған адам. Ұста еңбегінің бейнетке толы екендігін қаршадай кезінен көріп өскен Тоқтар аяулы әке алақанының жылуын көре алмады. Әубәкір ақсақал ертерек көз жұмды.

Ол Қарқаралының РТС-інде оқып, он бес жасында орталау мектепті бітіреді. Орталау мектепті тәмәмдаған соң Теміртау қаласына келеді. Тоқтар жұмыс істей жүріп кешкі мектепке түседі. Алғашқыда жүк түсіруші, одан кейін зауытта токарь болып жұмыс істейді. Қарағанды қаласындағы Н. Әбдіров атындағы аэроклубқа жазылып, парашютпен секіруге жаттығады. 1965-1969 жылдары Армавир жағары әскери ұшқыштар училищесінде оқыған. Ұшқыш-сынақшы 1979 жылы Мәскеу авиация институтын бітіреді.

Өршіл де арманшыл жігіт 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 жылы 1-болып авиатасушы крейсердің алаңқайшысына «МиГ-29г» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында

ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «СоюзТМ-13» кемесімен ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстар жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Әубәкіров 10 қазанда Жерге оралды. Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Т.Әубәкіров 1992-93 ж. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-орынбасары, 1993-94 ж. ҚР Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994-95 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты- Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. 1996 жылдан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары болды. 2004 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Кеңес Одағының Батыры (1988), ҚР Халық Қаһарманы (1995), ҚР ұшқыш ғарышкері (1995), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы (1990), авиация генерал-майоры (1992).

Әдебиеттер:

Ақсұңқарұлы С. Алашым менің – Аспанда: Т.Әубәкіровке арналған өлең // Орт.Қазақстан.-2000.-30 қыркүйек.

Асауов Д. Жерде жүр, жанарынан от бораған аспанды аңсап жүрегі, Тоқтар ағам!: қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров 60 жасқа, ғарышқа самғағанына 15 жыл толды // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 қыркүйек.-2 б.

Ахметов Қ. Тоқтар ұшқан күні қазақ неге жым-жырт? // Балқантау.-2007.- 4 қазан.- 3 б.

Әбілда Қ. Сүйер ұлы болса, сен сүй.Қарқаралыда қазақша күрестен Т.Әубәкіровтің турнирі өтеді //Орт. Қазақстан.-2003.- 9 қыркүйек.-8 б.

Әбілдинов Қ. Тоқтардың мұражайына тарту жасады: жағымды жаңалық // Орт.Қазақстан.-2006.- 16 ақпан.-3 б.

Әубәкіров Т.О. "Алашым, адаспайық!": ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Т.О.Әубәкіровпен әңгіме / Әңгімелескен Қ.Боранқұл// Орт.Қазақстан.-2004.- 4 қыркүйек.-2 б.

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы //Қарағандылық Совет Одағының батырлары 1990. – 79 б.

Әубәкіров Т.О. "Ғарышқа тек Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты": ғарышкер Т.О.Әубәкіровпен сұхбат /сұхбаттасқан М.Қаратайқызы // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 11 мамыр.-1-4 б.

Әубәкіров Т. "Қазақтың тірлігіне қарным ашады": ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Т.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан Қапешов Н. // Балқантау.- Қарағанды, 2007.- 7 маусым.-3 б.

Әубәкіров Т. Өтірік жаза алмаймын, ал шындықты айтуға болмайды: тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбат. Н.Бай-сақ // Жұлдыздар отбасы. - Алматы : "Тема LTD" ЖШС, 2008. - № 23. - С. 18-20

Әубәкіров Т. Сібірде жазылған өлеңдер // Атамекен.- 2002.- 24 мамыр.-7 б.

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы /Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 153 б.

Байтұрсын Т. Ғарышкердің ұстаздары // Орт. Қазақстан.- 2003.- 2 қыркүйек.-5 б.

Бакриденқызы Б. Ғарышкерге арнау: [2-қазан- Т.Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына 15 жыл] // Қарқаралы.- 2006.- 30 қыркүйек.- 3 б.

Бәймен А. Тоқтар Әубәкіров: "Біздің ғарышқа ұшуымызға Президентіміз көп еңбек сіңірді": Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен сұхбат // Заң газеті. - 2006. - 13 сәуір (№65).

Ермекбаев Т. Ғарышта – қазақ қыраны: Т.Әубәкіров туралы // Орт.Қазақстан.- 2001.-14 ақпан.

Есали А. Ғарышкер өз атында мектеп бар екенін білмепті // Егемен Қазақстан.- 2004.- 26 мамыр.-12 б.

- Есеев И. Қарқаралыдан Атырауға дейін: даңқты ғарышкер атындағы ел біріншілігі //Қарқаралы.- 2005.- 21 мамыр.-1 б.
- Жақыпханова Г. Балуандар бақ сынасты: IV Республикалық турнир Қарқаралыда өтті // Қарқаралы.- 2006.- 7 қазан.- 4 б.
- Жанғожин А. Гүлстанға айналған Теміртау: Теміртау қаласының 60 жылдық мерейтойынан //Орт.Қазақстан.- 2005.- 4 қазан.- 1,6 б.
- Жәкейұлы М. Тоқтар Әубәкіров: «Ғарышта тұрып, ата-бабаларыма алғыс айтамын»: қазақ сынақшы-ұшқышы Тоқтар Әубәкіровпен сұхбат // Жас Алаш.- 2004.- 10 сәуір.-3 б.
- Жәмкенов С. Арқадан ұшқан ақиық: очерк // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 қыркүйек.-4 б.
- Жөкіпбаев Е. Ғарышкер Тоқтарға // Қарқаралы.- 2001.-29 қыркүйек.
- Жұмағали С. Қазақтың һас батыры // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 қыркүйек.-3 б.
- Жүз тұңғыш. 2-кітап / кұраст. Б. Нүржекеұлы.- Алматы: Жалын, 2005.- 352 б.
- Зұлқажаев А. Батырымызды бағалай білеміз бе?:Т.Әубәкіров - 60 жаста // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 13 шілде.- 3 б.
- Көркемсуретті Қазақстан тарихы. 4-том. Қазақстан ХХғасырдың екінші жартысынан біздің уақытымызға дейін /кұраст.О.Жанайдаров.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007
- Қабыханов А. Ғарыш әлеміне саяхат: Т.Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына – 10 жыл //Қарқаралы.- 2001.-6 қазан.
- Қабыханов А. Қазақ ғарышына –10 жыл // Қарқаралы.- 2001.-3 қараша.
- Қауысов Б. Ғарышкерді ғаламға танытқан: әріптес жайлы әңгіме // Орт.Қазақстан.-, 2006.- 4 қараша.-10 б.
- Қашқынов Ж. Атыңнан айналайын, Қарқаралы: Жыр дәптерінен// Орт.Қазақстан.- 2004.- 19 тамыз.-12 б.
- Қазақ қыранның ғарышқа самғағанына он жыл // Азия Транзит.- 2001.-N11.-3 б.
- Қилыбаева Р. Тоқтар - текті әулеттің өрені // Орт.Қазақстан.- 2007.- 25 қазан.-3 б.
- Қорғасбектегі Ж. Ғарышкер Алматы: Балауса, 1994. - 16 б.
- Қуанбай А. Барымызды бағалай білейік: Қазақстанның ғарышты игергеніне - 15 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 22 маусым.-2 б.
- Қыныбаева Р. Қазақ аспанында туған жұлдыз: Т.Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына 10 жыл // Қарқаралы.- 2001.-28 қыркүйек.
- Қышқанұлы С. Президент не дейді? Біз не дейміз?:міз?:// Ана тілі.- 2000.- 30 қараша (N29), 7 желтоқсан (N30).- (EurAsia.-N29.-6 б.)
- Ләмбекұлы С. Ғасыр саңлағы: Тоқтар туралы толғау// Азия Транзит.- 2004.- N6,N8,N9.-34-37 б.
- Лұқпан Е. Ғарышқа жол Байқоңырдан бастау алды: Ғарыштың игерілуіне-40 жыл. Қазақ ғарышкерлерінің аспанға самғанына-10 жыл // Орт. Қазақстан.- 2001.-11 сәуір.
- Лұқпан Е. Құрыш қала шежіресі: Ғарышта Теміртау түлегі /А.Ақын // Теміртау.- 2005.- 11,18,25 тамыз.- 5 б.
- Майбас Т. Қарағанды – ғарышкерлер отаны // Орт. Қазақстан.- 2001.-23 мамыр.
- Мақаш Д. Ғарышкерлер мүйісі // Орт. Қазақстан.- 2001.- 25 сәуір.
- Махамбет М. Ерлік Ақыл парасатынан туады: (Кенес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, запастағы авиация генерал-майоры Т.Әубәкіровпен сұхбат) // Қазақстан сарбазы.- 2004.- 9 сәуір.- 3 б.
- Махметұлы С. Тоқтар батыр ел ортасында: Т.Әубәкіров - 60 жаста // Орт.Қазақстан.- 2006.- 20 сәуір.-9 б.
- Машайықұлы М. Ұлылықты ұғасың Ұлытаудан: Жыр дәптерінен // Орт.Қазақстан.- 2004.- 17 шілде.-16 б.
- Мұхтаров С. Мешітпен 70 жылдан соң қайта қауыштық // Орт.Қазақстан.- 2005.- 22 қазан.-3 б.
- Мырзаханұлы Н. Жүрегі - мәрт, жаны - жомарт азамат: [ғарышкер Т.Әубәкіров туралы] // Орт.Қазақстан.- 2006.- 27 шілде.-3 б.
- Несіпбай А. Әпке: [тұңғыш Қазақстан ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы] // Егемен Қазақстан. 2005. 24 тамыз. – 5 б.

- Ниязбеков Р. Мені ғарышқа ұшырған кім?: (Тоқтар Әубәкіровтың монологы) // Егемен Қазақстан. - 2005. - 6 қыркүйек. – 5 б.
- Омарбеков М. Ғарыш сапары Қарқаралыдан басталған: Т.Әубәкіров туралы // Орт. Қазақстан.- 2000.-18, 21, 25 қазан.
- Омарбекұлы М. Қазақтың ғарышы Қарқаралыдан басталып еді.: [Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтың мерейтойынан репортаж] // Орт.Қазақстан.- 2006.- 21 қыркүйек.-3-5 б.
- Орымбеков Т. Қазақтың қайсар ұлы: Ғарышкердің ғарышқа ұшқанына- 15 жыл //Абай-Ақиқат.- Абай, 2006.- 15 сәуір.- 4 б.
- Өмірбекұлы Ж. Жеттік-ау, Тоқтар, бұл күнге: Өлең // Орт. Қазақстан.- 2000.- 1 қаңтар.
- Рысдәулет М. Тұңғыш: қазақ ғарышкері туралы тұңғыш кітапты оқығаннан кейінгі туған ой //Қазақ әдебиеті. - 2005. - 7 қазан. – 13 б.
- Сағынтай С. Қарқаралы қыраны, ұлтының ұраны: қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров 60 жасқа, ғарышқа самғағанына 15 жыл толды // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 29 қыркүйек.- 6 б.
- Сахиев Ж. Байқонырдан бастау алған жұлдызжол: /12 сәуір - Дүниежүзілік ғарышкерлік және авиация күні// Егемен Қазақстан.- 2001.- 10 сәуір.
- Сейітқалиұлы Д. Жұлдызды сапар: Қазақстанның ғарышты игергеніне - 15 жыл //Орт.Қазақстан.- 2006.- 15 маусым.-1 б.
- Сексенұлы С. Қазақтың тұңғыш ғарышкері:Т.Әубәкіров туралы // Орт.Қазақстан.-2001.-4 қазан.
- Сексенұлы С. Тұңғыш ғарышкерді қабылдады: қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров 60 жасқа, ғарышқа самғағанына 15 жыл толды // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 қыркүйек.-1 б.
- Сланбекұлы М. Қыранын аялаған Қарқаралы үш жүздің басын қосты: [Т.Әубәкіров туралы]// Орт. Қазақстан.-2001.-31 қазан.
- Смайылов К. Ғарыш және Қазақстан: 12 сәуір-Дүниежүзілік авиация және космонавтика күні // Егемен Қазақстан.- 2003.- 12 сәуір.-4 б.
- Смайыл К. Тәуелсіздіктің бірінші жылы: қандай оқиға есте қалды...: ҚР-ың тәуелсіздігіне - 10 жыл// Қазақ әдебиеті.- 2001.- 23 ақпан (N8).-2 б.
- Сұлтанғазин Ө. Ғарыштан қарағандағы Қазақстан: /ҚР Ғарыштық зерттеу институтының директоры, академик Ө.Сұлтанғазинмен әңгіме// Егемен Қазақстан.- 2001.- 11 сәуір.
- Сүйінбай Г. Аспандағы ағайындар // Егемен Қазақстан. - 2005. - 27 шілде. – 15 б.
- Сүйінбай Т. Әлем көз тіккен ғарыш айлағы // Отан.- 2000.-N2-42, 43 б.
- Сүйінбай Т. Батырдың тұлпарының тұяғына дейін сұлу: Тоқтар Әубәкіров туралы// Жас Алаш.- 2004.- 27 шілде.-1,3 б.
- Сүйінбай Т. Жылдамдық пен жалғыздық: Тоқтар Әубәкіровтің азаматтық өмірінен бір үзік сыр // Қазақ әдебиеті.- 2003.- 3 қазан.-7 б.
- Сүйінбай Т. Қазақтың тұңғыш ғарышкері: саңлақ // Жазира.- Алматы, 2005.- N4(сәуір).-16-19 б.
- Сүйінбай Т. Сынақшы мен саясат: ұшқыш-ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің айтқан ақиқат астарында не жатыр?// Егемен Қазақстан.- 2004.- 27 шілде.-3 б.
- Сүйінбай Т. Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров: Ғұмырнамалық эссе Алматы, Құс жолы, 2004. - 352 б.
- Сүйінбай Т. Тұңғыш қазақ ғарышкері: [Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы]// Дала мен қала.- 2005.- 25 наурыз.-6 б.,1 сәуір(N13).-6 б.,8сәуір(N14).-6 б.
- Сүйінбай Т. Ұшу: 2 қазанда қазақ азаматының тұңғыш рет ғарыш сапарына аттанғанына бір мүшел толды// Егемен Қазақстан.- 2004.- 29 қыркүйек.-8 б.
- Тайтөлеуов Ж. Қазақ-қыран ғарышта қалықтаса: Т.Әубәкіровке арналған өлең // Орт.Қазақстан.- 2001.-11 сәуір.
- Тайтөлеуов Ж. Қарқаралы төрінде халық қаһарманы: Спорт //Қарқаралы.- 2002.- 19 қазан.
- Тайшыбай З. Тоқтар Әубәкіров және "Адмирал Кузнецов: тарих және тұлға // Орт.Қазақстан.- 2007.- 4 қаңтар.-3 б.
- Тоқтарға: 2 қазан – Тоқтар ғарышқа ұшқан күн // Қарқаралы.- 2002.- 28 қыркүйек.

Тұяқова А. Ғарышты бағындырған қазақ: Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына - 15 жыл //Нұра.- Киевка, 2006.- 28 қазан

Ісімақова А. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров мырзаға!: Парламент депутаттарының назарына // Қазақ әдебиеті.- 2000.-9 маусым (N23).-13 б.

3 тамыз 1936 – Қарағанды облысының құрылғанына 75 жыл



1930 жылдары көмір кенішін игеру қауырт қолға алынды. Қарағанды аймағын мол отын көзі, болашақта алып металлургия орталығы етудің бастапқы бас жобасы да сол жылдары өмірге келген. Алайда кезең қиындықтарынан, әлемдік дамудағы түрлі әлеуметтік-саяси оқиғалардан сырт айналып кету мүмкін еместін.

1932 жылғы 10 наурызда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің «Қазақстан облыстарының құрылуы туралы» қаулысымен Қазақстанның географиялық орналасуы мен шаруашылық жүргізу негізінде топтастырылып 6 облыс құрылды. Қарағанды атауын алған облыстың орталығы Петропавл қаласы болды. Ол кезде Қарағанды жұмысшы поселкесі болып жаңа қалыптасып келе жатқан. Аймақтың шапшаң дамуы ендігі күнде кең байтақ аймақты басқаруды қиындатты. Елдің жартысына жуық алқапты алып жатқан облыс БОАК Президиумы 1936 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен екіге бөлінді. Олар Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары деп аталды. Қарағанды қаласы жаңадан құрылған Қарағанды облысының орталығы болды. Осылайша 1934 жылы ғана қала мәртебесін алған кеншілер қаласының мерейі арта түсті. Облыс құрамына Ақмола, Баянауыл, Вишневі, Жаңаарқа, Еркіншілік, Қарқаралы, Қарсақбай, Қоңырат, Қу. Қорғалжың, Новочеркасск, Нұра, Тельман, Шет аудандары енді.

Аймақ шапшаң дамыды. Жаңа өндіріс ошақтары бой көтерді. Мұның өзі елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісін жетілдіруді, өзгерістер енгізуді қажет етіп отырды. Әр жылдары Қарағанды облысының құрамынан жекелеген аудандар, тіпті облыс бөлініп, өз алдына отау тігіп жатты. Айталық, 1939 жылғы күзде Ақмола, Вишневі, Еркіншілік, Новочеркасск аудандары жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына көшті. Сол облысқа 1941 жылғы қарашада Қорғалжың ауданы берілді. Осыдан кейін ішінара аудандар атауы өзгеріп, бір-бірімен ауыс-түйіс болып жатқанымен облыс аумағы 1973 жылға дейін өзгеріссіз болды. Сол жылғы наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Қарағанды облысының құрамынан Жезқазған облысы бөлініп шықты. Жаңа облыстың құрамына Ақтоғай, Жезді Ақадыр, Жезқазған, Жаңаарқа, Шет аудандары енді. Орталығы Жезқазған қаласы болған облыс құрамына бұл аудандардан бөлек Балқаш және Қаражал қалалары енді. Одан кейінгі жылдардағы елеулі жаңалық Шубаркөл кенішінің ашылып, игерілуіне орай 1985 жылғы шілдеде сол кездегі Целиноград облысының құрамындағы Теңіз ауданының Қарағанды облысының құрамына қосылуы болды.

Қоғамдағы өзгерістер, дамудың жаңа жолына түсу тәуелсіз еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруді талап етті. Бір кезде өз алдына отау тігіп, Қарағандыдан бөлініп шыққан Жезқазған облысы 1997 жылғы мамырда таратылып, Қарағанды облысына қосылды. Бұл күнде Қарағанды облысы алып жатқан аумағы ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік-экономикалық жағынан еліміздегі алдыңғы қатарлы аймақ саналады. Қазір облыс құрамында Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары, ірі өндіріс ошақтары саналатын Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Приозерск, Саран, Сәтбаев, Теміртау және Шахтинск шаһарлары.

Қазіргі уақытта облыс 428 мың шаршы километр жерді алып жатыр, бұл республикадағы ең үлкен аймақ. әкімшілік-аумақтық құрылым өзгертілгеннен кейін бұл аймақта 9 селолық аудан мен 11 қала, 39 жұмысшы поселкесі мен 171 селолық округі бар. Халық саны 1 миллион 700 мың адам, яғни республика халқының 10 процентін құрайды. Бұл көрсеткіш жағдайынан біздің облыс Оңтүстік Қазақстан облысынан кейін екінші орын алады.

Облыстың шаруашылық кешендерінің салалық бөлінісі мынадай: Қарағанды-Теміртау өнеркәсіпті аймағына (Абай, Саран, Шахтинск қалаларын қосқанда) көмір, қара металлургия, химия және мұнай химиясы өнеркәсібі, металл өңдеу және машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, көлік,

байланыс, тамақ және ұқсату өнеркәсіптері, электр энергиясы, ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібі, қызмет көрсету саласының кәсіпорындары шоғырланған.

Жезқазған аймағында тау-кен өнеркәсібі, түсті металлургия басымдау дамыған. Мұнда темір, марганец, алтын, күміс, мырыш, басқа да сирек металдар өндіріледі.

Облыс экономикасын дамытудағы жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі - инвестициялық бағдарлама жасап, инвесторлар іздестіру. Бүгінде біздің аймақта 67 бірлескен және шетелдік кәсіпорындар жұмыс істейді. Облыс экономикасына «Испат-Кармет», «Қазақмыс», «Қарағанды-Пауэр», «Накоста» сияқты кәсіпорындар елеулі үлес қосты.

Облыстың негізінен индустриалды сипатына қарамастан барлық меншік түріндегі 6 мыңнан астам кәсіпорын ауыл шаруашылығы құрылымдары. Қарағанды облысы өзін-өзі ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен толықтай қамтамасыз етеді.

Облыста сүт өндейтін 16, ет өндейтін 50-ге тарта кәсіпорын және 200 миницех жұмыс істейді.

Қарағандыда экономиканың нақты секторы дамып келеді. Облыстың 137 өнеркәсіп кәсіпорны «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-мен импортты алмастырушы өнімдерді жеткізіп берудің 17 миллиард теңгелік келісім-шарттарын жасасты.

Кейін осы оқиғаға қатысуына байланысты Қарағанды университетінен 12, политехникалық институттан 6, мединституттан 28, кооператив институтынан 3, сондай-ақ пединституттан да бірнеше студент оқудан шығарылды. Мәдени-ағарту училищесінен 9, есеп-кредит техникумынан 2 оқушы оқудан кетуге мәжбүр болды. Жоғары оқу орындарындағы қызмет атқарушы 59 адамға қатаң сөгіс берілді. Еңбек ұжымдарында желтоқсан оқиғасына қатысы бар дегендер жалпы жиналыстарға салынып, қатаң сынға алынды. Студенттер мен жұмысшы жастардың ата-аналары да жазасыз қалмады. Олар жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуде кемшілік жібергендері үшін қатаң жазаланды. Партияда барлар қатаң сөгіс алды, тіпті кейбірінің қызметі төмендетілді. Бірнеше адамға сот болып, оның барысы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елге сабақ болу үшін баршаға жария етілді.

Бір сөзбен айтқанда, желтоқсан оқиғасына қатысы бар деп танылған еш адам жазасыз қалмады. Бірақ та бұл барша еліміз тәрізді Қарағанды жастарын да жасыта алмады. Олар ортақ мүдде, ел болашағы үшін күресте өздерінің барша әріптестерімен ниеттес екендігін өз істерімен, әрекеттерімен таныта білді.

КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы жасалған жастардың бұл қозғалысы тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 ж. 12 желтоқсандағы «Қазақстандағы 1986 ж. Желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін

жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығына сәйкес 1986 ж. Желтоқсан оқиғасына қатысып, жазықсыз қуғынға ұшырағандар толық ақталды.

Әдебиеттер:

Алдаберген М. Желтоқсан көтерілісінің түпкі себебі тереңде: Ө.Байқоңыров атынд. ЖУ экономика және құқық институты дир. орынбасары М.Алдабергенмен әңгіме / әңгімелескен Қ.Құрмансейіт // Мысты өңір.- Жезқазған, 2006.- 24 қараша(N47).-8 б.

Аманбай қажы тегі А. Желтоқсанға арнау: Өлеңдер//Азия Транзит.- 2001.-N12.-48 б.

Арғынбаев Қ. Туған жер: [Өлеңдер]// Азия Транзит.-2002.-N3.-51 б.

Арынғазин Ғ. Желтоқсан оқиғасы және оның бүгінгі көрінісі // Балқантау.- Қарағанды, 2007.- 22 ақпан.-5 б.

Асанұлы Қ. Желтоқсан қазаққа не берді... немесе жиырма жылдан кейінгі жүрек сыры: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 25 қараша.-4 б.

Асқаров Қ. Рухым, арым - Желтоқсан: Өлең// Азия Транзит.- 2001.-N12.-6 б.

Ахметов І. Жала мен жара немесе М.Абақанов жайлы ақиқат// Орт.Қазақстан.- 2001.-10,24 ақпан

Әбішев Ә. Айтпай кетті демендер: Естелік// Орт.Қазақстан.- 2000.-17-31 мамыр, 3-14 маусым

Әбіш С. Батыл ана: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 14 желтоқсан.-7 б.

Әйнекбайұлы С. Ақиқатына әлі жеткен жоқпыз: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 желтоқсан.-8 б.

Әлкебай Ж. Арнау: 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне 20 жыл // Алтын аймақ.-Жезқазған, 2006.- 9 қараша.- 2 б.

Әлкебайұлы Ж. Арнау: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 26 желтоқсан.-5 б.

Балташұлы Е. Қазақ жастарының ғаламат ерлігі немесе Желтоқсан көтерілісінің тарихи мәні: Тәуелсіздік жылнамасы-1996// Орт.Қазақстан.- 2001-25 шілде

Балшикеев С. Тәуелсіздіктің ақ таңы: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 желтоқсан.-8 б.

Баязит А. "Желтоқсан және БАҚ": пікір // Орт.Қазақстан.- 2007.- 31 мамыр.-3 б.

Бекмаханұлы И. Желтоқсан жаңғырығы ұмытылмайды: Театр// Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 25 мамыр

Бекмаханұлы И. Дәуір шындығын бейнелеген қойылым: Театр// Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 25 көкек

Бекмаханұлы И. Мұз үстінде жанған от: Желтоқсан оқиғасының құрбаны, батыр қыз Л.Асанованың рухына//Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 15 желтоқсан

Бердалина Т. Әлемге әйгілі - 1986: мұзда жанған алау // Сыр мен сымбат.- Қарағанды, 2004.- N12.-4-5 б.

Дастанбеков І. Желтоқсан құрбандары //Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 12 желтоқсан

Дастанов А. Желтоқсанды жақындатқан жағдайлар: Тәуелсіздікке - 15 жыл // Шарайна.- Сәтбаев, 2006.- 17 мамыр (N55).-4 б.

Даулетова А. Желтоқсанда ызғар өткен, жел өткен.: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Қарқаралы.- 2006.- 14 қазан.-2 б.

Есеева Б. Желтоқсан жаңғырығы мәңгілік жадымда: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл /Абай-Ақиқат.- Абай, 2006.- 2 желтоқсан.-2 б.

Есеева Б. "Қанды қырғынға куәмін": желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 26 желтоқсан.-4 б.

Жақыпханова Ғ. "Құйынға" түскен ғұмыр: Желтоқсан желі ызғарла // Қарқаралы.- 2005.- 16 желтоқсан.-3 б.

Жанботаев Д. Ерлікті дәріптеген қойылым: Театр//Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 15 желтоқсан

Жанғожин А. Ақиқатқа айналған арман: Тәуелсіздік жылнамасы-1991// Орт.Қазақстан.- 2001.-28 ақпан

Жанғожин А. Желтоқсан жаңғырығы: Қазыналы қарашаңырақ/ А.Жанғожин, Е.Лұқпан// Орт.Қазақстан.-2004.- 27 қаңтар.-4 б.

Жәбек Т. Қайсар еді қайран бауырым: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 14 желтоқсан.-7 б.

Жәнібеков Е. Ауыл да дүрліккен еді: желтоқсан жаңғырығы // Орт.Қазақстан.- 2007.- 31 мамыр.-3 б.

Желтоқсан оқиғасы //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 262 б.

Желтоқсан оқиғасы: Оған демократиялық және халықаралық стандарттар бойынша саяси әрі құқықтық тұрғыдан жаңаша объективті баға беру барынша қажет етіліп отыр // Орт.Қазақстан.- 2006.- 3 маусым.-4 б.

Жүнісбекұлы Д. Ызғарлы күндер елесі: желтоқсан алауы- жеңістің жалауы // Қарқаралы.- 2006.- 16 желтоқсан.- 2 б.

Жүнісұлы О. Жастарды қорғағаны үшін жапа шекті // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 желтоқсан.-4 б.

Жүнісұлы О. "Жүрегімде жазылмас жара қалды": Желтоқсан жаңғырығы// Орт.Қазақстан.- 2004.- 16 желтоқсан.-11 б.

Жұқанұлы Ш. Табанды азамат еді: Желтоқсан оқиғасына-20 жыл // Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 24 тамыз.-2 б.

Жұмасұлтанов Ә. Желтоқсан оқиғалары: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 10 тамыз.-8 б.

Исақов Е. Желтоқсан: желтоқсан алауы- жеңістің жалауы // Қарқаралы.- 2006.- 16 желтоқсан.- 2 б.

Кежекұлы Ж. Рух бар жерде халық бар: Жебе сөз// Сана.- Қарағанды, 2000.-14 желт (N47).-3 б.

Көшенев Б. Тектілік тіршіліктің бәріне тән: Өлеңдер// Орт.Қазақстан.- 2001.-7 шілде

Күлмағанбетов Ж. Ар - намысым, қасіретім, мақтанышым - желтоқсан // Нұра.- Киевка, 2006.- 30 желтоқсан (№54) - 5 б.

Қабылдаұлы С. Желтоқсан дауысы: [Өлеңдер]// Орт.Қазақстан.- 2000.-16 желт.

Қабылдақызы А. Желтоқсан алауының ұшқыны едім: естелік // Орт.Қазақстан.-2007.- 20 қаңтар.-10 б.

Қабылдақызы А. Желтоқсан алауының ұшқыны едім: естелік // Орт.Қазақстан.-2007.- 20 қаңтар.-10 б.

Қабылдаұлы С. Елім деп өлу- бір арман: Желтоқсан оқиғасына-20 жыл // Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 2 қараша-5 б.

Қалымбай Е. Желтоқсан - қазаққа киелі ай // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 желтоқсан.-16 б.

Қашқынбайұлы Ж. Тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығаштары: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 21 қараша.-3 б.

Қожамсейітов С. Жезқазған өңірін шарпыған ызғар: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.- 2006.- 14 желтоқсан.-8 б.

Қойшыбекұлы А. Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе...: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Мысты өңір.- Жезқазған, 2006.- 1 желтоқсан(N48).-8 б.

Лұқпанов Е. Желтоқсан жаңғырығы: Қарағанды 19-20.X11.1986 ж.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2001.- 36 бет.

Маханбет Қ. Айбынды елдің айбарымыз: Желтоқсан оқиғасына-20 жыл // Қарқаралы.- 2006.- 30 қыркүйек.- 3 б.

Махметов М. "Ит үреді, керуен көшеді": желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Алтын аймақ.- Жезқазған, 2006.- 4 тамыз.-2 б.

Машайықұлы М. Желтоқсан ардагеріне құрмет: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.- 2006.- 26 желтоқсан.-7 б.

Мұғалімжанұлы С. "Ақмола оқиғасына" қатысқан ардақты аға// Азия Транзит.- 2002.-N3.-50 б.

Мұщанов М. Заң бұзушылардан зардап шеккен Мейрам Абақановты ақтап алу парызым еді //Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 10 қазан. Орт.Қазақстан.- 2002.- 14 тамыз.-11 б.

"Ол күндерді еске алудың өзі қиын" - дейді қанды оқиғаның ортасында болғандар// Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 15 желтоқсан

Омарбекұлы М. Мың өліп, мың тірілген халықпыз...немесе Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы қарсаңындағы сөз// Орт.Қазақстан.- 2000.- 16 желтоқсан

Омарбекұлы М. Көресің бе сен мені, мен - қазақтың баласы // Орт.Қазақстан.- 2003.- 11 желтоқсан-5 б.

Омарбекұлы М. Қазақ рухы// Қарқаралы.- 2004.- 14 желтоқсан

Оразалиева Г. Орталықтың өктемділігі: естелік // Орт.Қазақстан.- 2006.- 7 желтоқсан.-4 б.

Оразбай Е. Ұлт азаттығына бастаған ұлы қадам: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.-2006.- 23 қараша.-3 б.

Өскембаев Қ. Ұлттық сананың жаңғыруы: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.- 2006.- 2 желтоқсан.-4 б.

Өскембаев Қ. Желтоқсан оқиғасы //Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 23 қараша(N22).-3 б.

Рахұлы А. Оқиға ортасында болған едім: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 21 желтоқсан.-5 б.

Сағынтай С. Ұлтымның ұлы ұраны: Желтоқсан оқиғасына-15 жыл// Балқаш өңірі.- 2001-14 желтоқсан

Саққұлақов Ж. Тағдырыма әсер етті: жаңа айдар: Желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл //Орт.Қазақстан.-2006.- 3 қаңтар.-3 б.

Сапарғалиев Қ. Қарқаралы қаласында болған "Желтоқсан" жаңғырығы: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Қарқаралы.- 2006.- 16 желтоқсан.- 2; 30 желтоқсан.- 4 б.

Сейдалиұлы Б. Желтоқсан құрбандары: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 21 желтоқсан.-5 б.

Сейдахметов А. Желтоқсан //Сарыарқа.- Жезқазған, 2007.- 14 желтоқсан(N72).-3 б.

Сексенұлы С. Зардап шеккен ұстаз: желтоқсан жаңғырығы // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 желтоқсан.-4 б.

Смағұл С. Желтоқсан жаңғырығы //Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.- 19 желтоқсан

Смағұлов Ғ. Әріптесіміздің жаңа еңбегі: [Е.Лұқпановтың "Желтоқсан жаңғырығы" кітабы туралы] // Орт.Қазақстан.- 2002.-17 сәуір

Смайылова С. Ерлікке толы екі күн: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 30 қараша.-5 б.

Суханберлин О. Желтоқсанда: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.-2006.- 26 желтоқсан.-5 б.

Сүлейменова Н. Мерекелі кеш болды // Нұра.- Киевка, 2007.- 6 қаңтар -2 б.

Тайшыбай З. Бүгінгі жастар білсе екен: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16,19 желтоқсан.-9 б.

Темірұлы М. Қуан қазақ азаттық алғаныңа": Азап пен Азаттық жайындағы толғаулар // Азия Транзит.- 2002.- N12.-22-25 б.

Тойбек Ж. Жүректерге жара салған желтоқсан: желтоқсан көтерілісіне - 20 жыл // Орт.Қазақстан.-2006.- 12 желтоқсан.-5 б.

Тілеубай Т. Қазақтың қаһарман қызы: [Желтоқсан оқиғасының құрбаны, батыр қыз Л.Асанованың рухына]// Сана.-2000.-14 желт. (N47).-1 б.

Тілеубай Т. Қыран-жырдың дабылы "Саржайлауда" қағылды.// Сана.- Қарағанды, 2000.-29 желт. (N48).-3 б.

Тілеукеұлы А. Желтоқсан// Қарқаралы.- 2001.- 20 қаңтар

Ұлтын сүйген ұландар: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының (19-20) Қарағандыдағы қаралы іздер// Азия Транзит.- 2000.-N9 (желт.).-4-7 б.

Үсікке ұрынған үш тал гүл. Қайда жүр екен, хабарласса ғой шіркін-ай.: Желтоқсан оқиғасына-14 жыл//Азия Транзит.- 2000.-N9 (желт.).-8 б

Халиолла М. Желтоқсаншылар аманаты елім деген ерге сын: 17 желтоқсан-Демократиялық жаңару күні// Орт.Қазақстан.- 2000.-16 желт..

Шаханов М. Сертке берік Серікхан: [Қар. обл. прокуроры, аға заң кеңесшісі С.Жақыпов туралы]//Орт.Қазақстан.- 2000.-16 желт.

Шаяхметова Т. Желтоқсан - бастау // Нұра.- Киевка, 2006.- 30 желтоқсан (№54) - 5 б.

Шындығымның шылдырлаған шынжыры.: [Желтоқсан оқиғасы туралы]// Сана.- 2000.-14 желт. (N47).-3 б.

Ырысбайұлы Д. 1986 жыл. Желтоқсан: Өлең// Сана.- 2000.-14 желт. (N47).-1 б.

Ізтілеуов Д. Азаттық үшін алысқан еді, есіл ер: Жанайдар Сәдуақасов өмірінен // Орт.Қазақстан.- 2000.- 31 мамыр

1886 Халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың туғанына 125 жыл



Өз ортасында шешендігімен, шежіреші, жыршы-жыраулығымен танылған халық ақыны Иманжан Жылқайдаров 1886 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында дүниеге келген.

Ол халқына қадірлі болған адам. Иманжанның әкесі Жылқайдар от ауызды, орақ тілді шешен болған. Ал, анасы Қалипа атақты Жәуке батырдың інісі Шоңның қызы, ақылына көркі сай жан болған екен. Иманжан атақты Сәмбет күйшіден домбыра тартуда үйренеді. Жастайынан өлең-жыр, өлең-жыр, домбыраға құмар болған Иманжан есейе келе серілік, салдық, ақындық жолға түсті. Ескіше оқып хат таныды. Зерек те, алғыр Иманжанның білімге құштарлығын байқаған алғашқы ұстазы Әмірғали Құлтыбайұлы оған: «Ақын болғың келсе шығыс шайырларынан оқып үйрен» деп кеңес беріп, өзі оған араб, парсы, шағатай тілдерін үйретеді. Шығыс әдебиетін оқып үйренген Иманжан өзінің тұңғыш өлеңін де суреттегі сұлуға арнап «Гүлжаһанға» деген атпен жазғаны белгілі. Содан бастап, Иманжанның ел арасында ақындық, жыршылық атағы шыға бастайды. Оның өлеңдері мен жырларының негізгі тақырыбы Отан, туған жер, елдік пен ерлік, адамгершілік болып жалғаса береді.

Иманжанның арнасы кең. Ол нені айтып, нені жырласа да жүрегімен жарыла ақтарылып, тебірене толғанады. Айтпақ ойына образдар мен тың теңеулерді таба біледі. Ақынның ақындық қуатының өзі де дәл осында болса керек. Ол табиғатты адамның ой-сезім дүниесіне бағындыра жанды бейнедей суреттейді. Жаратылыстың өзінде бар сұлулықты поэзия арқылы онан да ажарлап, көркемдеп, көз алдына келтіреді.

Ақын шығармашылығының елеулі бір саласы балалық шақты жырлауға арналған. Осыған орай, 1959 жылы жарық көрген өлеңдер жинағының «Жастарым жайна» деп аталуы әбден орынды. Бұл жинаққа ақынның жиырмаға тарта өлеңдері енген. Ақын өлеңдері арқылы жастарды оқуға, өнеге, білімге шақырады. Қазақ әдебиетіне Мұқан сынды дарын сыйлаған Иманжан ата әдебиет сүйер қауымның құрметтісі де, қадірлісі болып танылды.

И.Жылқайдаровтың кейбір шығармалары «Айтыс» 1965-66 ж., «Пернедегі термелер» 1965 ж. Атты жинақтарға енген. Ақынның «Әділбек» атты поэмасы мен айтыстарының көбі қолжазба күйінде сақталған.

Алматы, Жезқазған қалаларының құрметті азаматы, халық ақыны атанған И.Жылқайдаровтың терең мазмұнды өлеңдері бүгінгі жастармен бірге.

Әдебиеттер:

Жылқайдаров И. Жастарым жайна!: жырлар жинағы - 1959. - 63 б.

Ақын жырлары / Құр. М.Дүйсенев, Е.Ысмаилов.-Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958.- б.

Арқаның ардагер ақындарының бір тобы: Қарағанды облысына - 70 жыл // Абай-Ақиқат.- Абай, 2006.- 1 шілде.-1 б.

Жетібаева Б. Әкелі- балалы сөз зергерлері//Сарыарқа.- Жезқазған, 2004.- 13 қараша

Жетібаева Б. Жерлестерінің жадында: Халық ақыны И.Жылқайдаров 115 жаста// Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.-16 ақпан

Жетібаева Б. Қала төлқұжатындағы есімдер: Иманжан Жылқайдаров // Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 26 қараша

Жетібаева Б. Сөз зергері //Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.-6 қаңтар

Жылқайдаров Иманжан //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 275 б.

Жылқайдаров Иманжан //Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық, 2004. - 389 б.

Жылқайдаров Иманжан //Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер, 2009. - 178 б.

Жылқайдаров Иманжан //Советтік Қазақстан жазушылары: Био-библиогр. анықтамалық. Құраст. С.Ахметов. Алматы, Жазушы-1987.- 267 б.

Молдағалиева Ш. Иманжан әкейді білуші едім // Мысты өңір.- Жезқазған, 2006.- 21 шілде.- 10 б.

Мырзабеков Б. Тауына тартып туған ұл // Мысты өңір.- Жезқазған, 2006.- 11 тамыз.- 8 б.

Орталық Қазақстанның жазушылары: Методикалық - библиографиялық материалдар.- Қарағанды, 1973.- б.

Пернедегі термелер: Қазақ Совет халық ақындарының шығармалары / Жалпы бас ред.С.Мұқанов.- Алматы: Жазушы, 1965.- 396 бет

Смағұлов Ғ. Арқаның ақтаңгер айтыс ақындары: Жезқазғандағы жыр жарысына өрелі өнер өнегесі болса игі... // Орт.Қазақстан.- 2003.- 15 наурыз.-10 б.

Тапашев М.І. Ақындық дәстүр және көркемдік жалғастық: (Қ. Тосанбайұлы, Б. Қожабайұлы, И. Жылқайдарұлы шығармашылығы негізінде); автореферат 2005. - 30 б.

Ұлытау ақындары: мақалалар, өлеңдер, толғаулар, айтыстар / құраст. Ғ. Е. Ештанаев, 2007. - 233 б.

1931 - Қарлагтың құрылғанына 80 жыл

Қарағанды лагері, КСРО Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) Қарағанды ерекше бағыттағы еңбекпен түзеу лагері. 1931 жылы КСРО Бірлескен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) Қарағанды алып кеңшары ретінде құрылды. Кейін КСРО НКВД, Ішкі істер министрлігі Бас лагерьлер басқармасының (Гулаг) жүйесіне енді. Мұнда 1959 жылға дейін қылмыскерлер мен саяси айыпталғандар, одан кейін қылмыскерлер ұсталып келді. Директивалық құжаттардың бірінде: «ОГПУ-дің Қарағанды алып кеңшарына Орталық Қазақстанның орасан зор алқабын игеруге құрметті де жауапты тапсырма беріледі делінген. Аумағы солтүстікте Ақмоладан (Целиноград) оңтүстікте Балқашқа дейінгі, шығысында Қарағанды бассейнінен, батысында Жезқазғанға («Степлаг») дейінгі т. ж. маңындағы жерлерді алып жатты. Жекелеген пункттері бұл аумақтан тысқары жерлерде де (Рузаевка, Шу өңірінің бойы т. б.) орын тепті. Барлығы 200-ден астам нүктелері (лагерь бөлімшелері) болды. Орталығы - Долинка селосы Қарағандыдан оңтүстік-батысқа қарай 50 км жерге орналасты. Кейбір мәліметтерге Қарағанды Қарлагтың ауданы 540 мың км² әкімшілік аппаратында 18 мың қызметкер болған. Ал тұтқындар саны 800 мың адамға жеткен. Олардың саны БК (б) П 17 съезінде мемлекеттік қылмыстар туралы қаулы қабылданып, И.В.Сталиннің ОК-тің 1937 жылғы ақпан - наурыз Пленумында КСРО-да социализм позициясы нығайған сайын тап күресі онан сайын шиеленісе түседі деген қате тезисінен кейін күрт өсті. Қаулының 14 пункті РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабына негіз болды. Сонымен бірге саяси айыпталғандардың туған-туысқандары да жауапкершілікке тартылды. Міне, дәл осы кезде Қарлагқа тергелмей-сотталмай айыпталған саяси тұтқындардың түсуі көбейді. Бас еркінен айрылған адамдардың арзан жұмысшы күші, негізгі қорлардың ең төменгі бағасы және амортизациялық шығынның төмен болуы Қарлаг басшыларына өндірісті ұлғайтуға мүмкіндік берді. Көкөніс, картоп плантацияларымен бірге суландыру жүйесі, жасыл желек алқабы жасалды. Басқарма жанынан ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы (кейін Қарағанды а. ш. тәжірибе стансасы) мен мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу стансасы ұйымдастырылды. Қарабаста ағаш өңдеу комбинатыты, Жартаста қант зауыты, Топарда шыны зауыты, Долинкада механикалық-жөндеу зауыты, ет комбинаты, май зауыты, диірмен, тігін шеберханалары, ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсататын басқа да цехтар салынып, жұмыс істеді. «За социалистическое животноводство» көп тиражды газеті шығып тұрды (1938-1955). Лагерь басқармасының бастығы - полковник В. Волков республикалық, облыстық және жергілікті партия, кеңес шаруашылық органдарының лагерь ісіне араласуға ешқандай қақысы жоқ болды. Соған орай ол метрополиясы Мәскеуде болған



колониялық тұрғыдағы ерекше оқшау құрылым еді. Алжир (Ақмоладағы отан сатқындары жұбайларының лагері) деген атпен белгілі болған №26 нүктеде (Ақмолаға жақын Малиновка с.) - 15 мың, Степлагта 20 мың әйел тұтқында болды. Белгілі партия, кеңес қызметкерлерінің, көрнекті әскер басыларының әйелдері, апа-қарындастары мен қыздары азап шекті. Олардың ішінде Тухачевский, Гамарниктің қарындастары, Мендешев, Құлымбетов, Нұрмаков, Рысқұлов, Қожанов, Сырғабеков, Сейфуллин, Майлин т. б. жұбайлары бар. Әр жылда Қарлағта жазықсыздан-жазықсыз еліміздің белгілі ғалымдары мен мамандары, әдебиет және өнер қайраткерлері отырып шықты. Олардың арасында әлемнің көптеген академияларының мүшесі, био-физик, гелиобиология мен аэроионификацияның негізін қалаушы, кейіннен адамның космосқа ұшуы үшін маңызы зор болған қан динамикасы жөніндегі теңдесі жоқ еңбектің авторы А. Л. Чижевский. болашақ атақты селекционер, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, академик В. С. Пустовойт, радиациялық генетиканың негізін қалаушы, академик Н. В. Тимофеев-Ресовский, жылу техникасының асқан маманы, кейін С. П. Королевтің серігі болған профессор В. Л. Пржецлавский, КСРО халық артисі Л. Русланова, әлемде тұңғыш балалар театрының негізін қалаушы, Социалистік Еңбек Ері Н. Сац, ақындар Н. Заболоцкий, Р. Тамарина, жазушылар Г. И. Серебрякова, Д. Еркінбеков, М. Зуев-Ордынец, әдебиетші ғалымдар Қ. Мұхамедханов, Р. Нарешев т. б. болды.

Елуінші жылдардың басында Қарлағта негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын 200-ден астам лагерь бөлімшелері болды.

Әдебиеттер:

Абдакимов А. Тоталитаризм: күштеп қоныс аудару және зиялыларды қуғындау.- Қарағанды, 1997.- 84 бет.

Ақсұңқарұлы С. Екі тип немесе екі өлеңнің тарихы: Эссе// Орт. Қазақстан.- 2000.-13 қыркүйек.

Алпысұлы С. Қарлағ және оның зардаптары //Орт.Қазақстан.- 1997.- 26 наурыз.

Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері: Оқу құралы.- Алматы: Санат, 1994.- 120бет.

Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін).- Алматы: Респ-қ баспа каб., 1997.- 403бет

Әуезов Ғ. Степлаг - кеңестік концлагерь // Сарыарқа. - Жезқазған, 2008. - 31 мамыр (№ 46). – 2 б.

Байжантаев Б. Жезқазғандағы ірі өндіріс ошақтарын салған кімдер? немесе қуғын-сүргіннің басты себебі-кеңестік тоталитарлық жүйе: 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні //Сарыарқа.- Жезқазған, 2004.- 29 мамыр

Бейсенова Ш. Екі дүние – екі әлем: [немесе Қарлағтың бүгінгі тұрғындары жайлы] //Қазақстан әйелдері.- №3.- 30-31 б.

Гаврилова Е.П. Художники: ГУЛАГ (КарЛАГ) - Резюме, наимен., содержание- на каз., нем., англ.яз.- Караганда: Караqanda, 1999.- 64 с.: ил.

Егешева Р. "АЛЖИР" жазылмайтын жара// Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.-30 мамыр

Егешева Р. "АЛЖИР" жазылмайтын жара// Орт.Қазақстан.- 2001.- 17 қараша

Ермекбаев Т. Қарлағ – қасірет қамалы //Жас қазақ.- 1992.- 11 қараша

Ерубаева К. Қазақстанның 20-30-жылдардағы саяси дамуы// Қазақ тарихы.- 2005.- N2.-96-99 б.

Жаманбекұлы Е. ҚарЛАГ құрбандарының ұрпаққа айтар өсиеті бар: 2000 жылы - Мәдениетті қолдау жылы// Орт.Қазақстан.- 2000.-19 ақпан

Жанғожин А. Туған елінің бір уыс топырағы: 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні// Орт.Қазақстан.-2000.-3 маусым

Жанғожин А.Зобалаң жылдарында: Қазыналы қарашаңырақ / А.Жанғожин, Е.Лұқпан// Орт.Қазақстан.- 2004.- 8 қаңтар.-3 б.

Жанысбай С. Қашқындар: Қараталдың Опиы мен Құсманы; Дауылбай// Орт.Қазақстан.- 2000.-19 қаңтар

Жәнелұлы Ә. Қарлағ қарғыс таңбасы //Абайский вестник.- 1998.- 8 тамыз.

Қайым Мұхамедханов: Тағдыр және Қарлағ / ред. Ғ. Қабышұлы, 2008. - 276 б.

Қазақстан тарихы мен этнологиясы мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. 3-ші шығарылым.- Астана:Фолиант, 2000.- 216 с.

Қарлаг : Қапастағылар қаламынан / құраст. Н. Т. Жұмаділова, 2009. - 248 б.

Қарлагтағы тұтқын әйелдер: Саяси қуғын-сүргін//Астана.- 2003.- №3.-60-62 б.

Қарлаг //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 368 б.

Қожабеков Р. Азапты мекен – Қарлаг. // Орт.Қазақстан.- 1989.- 29 маусым

Майбас Т. Абай атын алған аудан: облысымыздың отаулары: Абай ауданы// Орт.Қазақстан.- 2002.- 13 ақпан- 4 б. Абай-Ақиқат.- 2002.- 16 ақпан

Михеева Л. Құжаттар бетінде қалған шындық// Орт.Қазақстан.- 2001.-27 қазан

Мұстафин Е. Жүрегі жайсаң жан еді // Сана.- Қарағанды, 2000.- 21 қыркүйек(№36).-4 б. Қарқаралы.- Қарқаралы, 2002.- 25 мамыр

Несіпбай А. Қарлагта кімдер болмаған..: ақын Сергей Есениннің ұлы да онда бжыл азап шегіпті// Егемен Қазақстан.- 2005.- 24 тамыз.-10 б.

Несіпбай А. Тар жолдағы тағдыр: Қарлагтың азап торына түскен жапон әскери тұтқындары туралы// Егемен Қазақстан.- Алматы, 2000.- 27 қыркүйек

НКВД Қарағанды лагерінің (Қарлаг) схемасы //Мәдениет және тұрмыс.-1989.-№4.- 14 б.

Нүсіпбекова М. 1930 жылдағы қоғамдық-саяси өмір// Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да. - Алматы, 2010. - № 1/2. - 3-6 б.

Олжабай С. Гумилевтің де ізі бар: Облыс отаулары: Абай ауданы // Орт.Қазақстан.-2006.- 1 тамыз.-7 б.

Орайханұлы С. "Қураған дүние, құбыла бердің неге сен...": поэзия // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- №8 (тамыз).-28 б.

Орайханұлы С. Тағдыр Өлеңдер //Народная трибуна.- 1997.- 14 маусым

Өнердегі Ұлы Отан соғысы [Мәтін]: Жеңістің 60 жылдығына арн. жоғ. оқу орындары аралық студенттік ғылыми-практ. конференция материалдары 21-22 сәуір /жауап. ред. В.В. Егоров.- Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005.- 200 б.

Приходько Е. Өткен күннің белгісі – Қарлаг // Орт.Қазақстан.-1989.- 14 қазан

Сағынтай С. "Қарлаг". "Гигант" совхозы // Балқантау.- Қарағанды, 2007.- 28 желтоқсан. (№24).-7 б.

Сағынтай С. "Қарлаг" "Гигант" совхозы // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 28 желтоқсан.-7 б.

Сәулебектегі А. Қасіретті Қарлаг // Дала мен қала. - 2009. - 1 маусым (№ 21)., 8 маусым (№22). – 9 б.

Сексенұлы С. Жерімізде жаны мәңгілік жай тапқандар рухына Спасск мемориалдық зиратында ескерткіш қойылды: Зерде // Орт.Қазақстан.- 2004.- 3 маусым.-1, 6 б.

Сексенұлы С. Тоталитарлық жүйенің тұтқындары болған саяси қуғын-сүргін құрбандарына Қарағанды жерінде ескерткіш-мемориал қойыла ма? // Орт.Қазақстан.- 2006.- 24 тамыз.-6 б.

Серікбаева Ғ. Жарты ғасырдан кейін табылған хат // Орт.Қазақстан.- 2003.- 31 мамыр.-6 б.

Смағұлов Ғ. «Алжирдегі» азапты жылдар //Орт.Қазақстан.- 1998.- 27 қаңтар.

Смағұлов С. Қуғында өткен ғұмыр// Орт.Қазақстан.- 2001.- 23 мамыр

Тасымбеков А. Қарлаг – қасірет мекені. Азапта қалған аналар тағдыры туралы элегия //Мәдениет және тұрмыс.-1989.-№4.- 15 б.

Тасымбеков А. Қарлаг қасіреті немесе «қалың елім қазағым»... //Заң газеті.- 1997.- №22 (мамыр).

Темірбеков М. Степлаг: өлкедегі қапастар жүйесі: 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні // Сарыарқа.- Жезқазған, 2007.- 25 мамыр(№21).-5 б.

Шаймұқанова Р.А. Қарлаг тұтқынындағы оқымысты ғалымдардың ғылыми - зерттеу жұмыстары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы.- Қарағанды, 2005.- №3.-84-89 б.

Шаймұханов Д.А Азапты мекен – Қарлаг // Орт.Қазақстан.- 1990. – 12,13,16,17 қаңтар.

Шаймұханов Д.А. Қарлаг / Д.А.Шаймұханов, С.Д.Шаймұханова.- Алматы, 1997.- 104 бет.

Шаймұханов Д.А. Қарлаг:[1.Қарлаг-Гулагтың филиалы; Қарлагтың құрылуы мен дамуы] //Орт.Қазақстан.- 1997.- 25,29 қаңтар, 8,12,15,19,26 ақпан.

2001 ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы атындағы этнопаркке 10 жыл

«Тәуелсіздіктің он жылдығына – 10 игі іс» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасын бүкіл республика халқы қолдап, жер-жерлерде түрлі шаралар атқарылды. Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі көп жылдан бері бос жатқан далада жаңа парк салынды. Бұл этнопарк 36,5 гектар алқапты алып жатыр. Бұл Қарағанды облысының кішірейтілген көрінісі. Мұнда барлық қалалар мен аудандар, оладың өсімдік және жануарлар дүниесі, шаруашылық ерекшеліктері бейнеленген. Этнопаркты облыс тарихынан, оның табиғаты мен өнеркәсібінен, мәдениетінен мәлімет беретін ашық аспан астындағы мұражай деуге болады.



Этносаябақтың құрылысына бюджеттен ақша бөлінген жоқ. Ол – жеке кәсіпкерлердің, коммерциялық ұйымдардың, бюджеттік есес кәсіпорындардың күшімен және сенбіліктер ұйымдастыру арқылы «халықтық құрылысы» әдісімен салынды.

Бұл кешеннің архитектуралық жобасын жасағандар: қарағандылық сәулетшілер Ж.Әлтаев, Н.Ыбырайымов, Н.Әубәкіров.

Саябақтың ішінде мәдени шаралар, концерт, дикотека өткізетін, демалған жұрт тізе бүгетін орындықтар, қыдыратын жолдар, балалардың ойнайтын «Ертегі даласы», спорт алаңдары, аттракциондар, тамақтанатын кафелар орналасқан. Саябақтың бір шетінде екі көшенің қиылысына облыстық суретшілер өоғамы қызметкерлерінің жасаған «Сүйінші» мүсіні орын тепкен.

Этносаябаққа келушілер біздің облыстың алыс түпкірін араламай-ақ, оның табиғат ерекшеліктерімен танысып, мәліметтер жинай алады. Осы тұрғыдан келген өз өлкесінің тарихын білгісі келетін жастарға таптырмас демалыс орталығы. Бір жағынан демалыс, бір жағынан өз өлкеңді танып білуге мүмкіндік. Қолдан жасалған этносаябақтағы мүсіндер Дешті Қыпшақ жерінің шекараларына қойылған тас мүміндерге өте ұқсас. Олар сан түрлі. Қолына сұңқар ұстаған жауынгер, әйелдер мүсіндерін көруге болады. Қарқаралы, Ақбастау, Қызыларай тауларының маңында «қызтас», «келінтас», «кемпіртас» мүсіндері қойылған.

Ұлытауда үш жүздің бірігуін білдіретін таңба салынған. Тасқа қашалған бұл таңбаны Ұлытау павильонынан көруге болады.

Этносаябақта Ұлытау мен Қарқаралыдан басқа Жезқазған, Балқаш, Теміртау, Қарағанды, Саран павильондарын, Приозерск қаласы тұрғызған әскери қалашықты көре аламыз.

Тәуелсіздік пен еркіндікті білдіретін «Сүйінші» композициялық мүсіннің биіктігі 25 метр, 12 қырлы стелланың үстіне орнатылған арғымақ Сарыарқаның кең даласында көсіле шауып, құстай ұшып келеді. Аттың үстіндегі адам қолын көтеріп тәуелсіздік туралы қуанышты хабарды жеткізуге асығып, сүйінші сұрап келе жатқан сияқты. Стелланың авторлары Ж.Молдабеков және Б.Тайталиев.

Әдебиеттер:

- Абдолла Қ. Аллеяға ақ қайың отырғызды // Орт.Қазақстан. - 2009. - 15 қазан (№ 157). – 1 б.
- Айтуғанова А. Қайрат Талдыбаев: "Саябақ - мегаполистің ажырамас бөлігі" // Орт.Қазақстан.- 2003.- 23 тамыз.-5 б.
- Әбдіәкімов Ә. Қарағанды этнопаркi- қала мәдениетіндегі тың бастама: музей өмірі // Қазақстан музейлері.- 2003.- N1(2).-34-37 б.
- Қарағанды облысы Тәуелсіздіктің он жылдығына он игі іс / құраст. Ә. Әбдіәкімов, 2001 90 б.
- Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 584 б.
- Мүбәрәкұлы Б. Қала күнін қалай өтті? // Орт.Қазақстан.- 2002.-13 ақпан
- Нұрша Р. Саябақ сәнденіп келеді // Орт.Қазақстан.- 2001.-25 шілде
- Сексенұлы С. Көпшіліктің күшімен салынған этносаябақ: Тәуелсіздіктің он жылыдығына - 10 игі іс // Орт.Қазақстан.- 2001.-3 қараша

2001 Астанаға «Отан қорғаушылар» монументін орнатқанына 10 жыл



Астана тұрғындары мен қонақтарының көз қуанышына айналған «Отан қорғаушылар» мемориалы Астанадағы «Манас» паркінің дәл ортасында тұр. Оны Тәуелсіздіктің он жылдығына қарағандылықтардың толық өз күштерімен жасап, Елордаға сыйлағанын екінің бірі біледі.

«Отан қорғаушылар» мемориалының биіктігі 37 метр. Бидай масақтарының айқасқан дестесін бейнелейтін стелланың төменгі тұсында диаметрі 6 метрлік шар орнатылған. Шардың алдыңғы жағында қос қолдап тостаған ұстаған «Ана» бейнеленген. Ол сусын ұсынып, қонақтарын қарсы алып тұрған тәрізді. Бұл халқымыздың қонақжайлылығын аңғартады. Немесе ол сусын беріп, ұлын майданға шығарып тұрған ананы бейнелейді. Қалай десек те Ананы құрмет тұтатын халықтың ұғым-нанымына сай келеді. Ал шардың екінші жартасына қазақ даласының көріністері салынған. Сол жақ беттегі барельфке ежелгі байрақ ұстаған қазақ батырларының, ел қорғаған жауынгерлерінің, халқымыздың басынан өткен шапқыншылық заманының көріністері бедерленген. Оң жақтағы барельфке Ұлы Отан соғысы тұсындағы солдаттар, әр халықтың өкілдері сол тұстағы қару-жарақпен көрсетілген. Ал «Мәңгілік алау» батырдың қалқаны іспеттес, әрі оты шырағдан арқылы жанып тұр. Оның бедер тақтасына алтын әріптермен «Отан бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген даналық сөз жазылған.

Ескерткіш жобасын жасауға ат салысқандар: суретші Әлиақпаров Мақаш Тыныштықбайұлы, мүсінші Баймұқашев Юрий, сәулетші Бақтыбай Тайталиев және Қарағанды облыстық Суретшілер одағының көркемсурет өндірістік комбинатының директоры Александр Курыцин, инженер-конструктор В.Троценко. т.б.

Ескерткіш жасаудың негізгі жұмыстары «Қаркенмаш» заводының №1 механикалық құрастыру цехында атқарылды. Металл конструкцияларын монтаждау «Имстальком» АҚ-ға жүктелді. Жалпы биіктігі 37,5 метр монументтің металл қаңқасы 3 бөлікке бөлініп, әрбіреуі 12 метр болады деп белгіленді. Бұлар «Имстальком» АҚ металл конструкция заводында дайындалды. Ал «Промстройпроект» институтында жасалған қола қаңылтыр осы темір дінгекке кигізілді. Мемориалдың металл дінгегінің салмағы 55 тонна, қоладан жасалған бөліктері 60 тонна, ал әрбір барельфтің әрқайсысы 10 тонна болатын алып ескерткіштің бөлшектері Астанаға жөнелтілді. Бұл ескерткіштің тұратын жерін астаналықтар қара мрамормен, барельфтің сыртын қызыл мрамормен қаптап, тұғырды және оның маңын коғаландыру жұмыстарымен айналысты.

Қысқа мерзімде жүздеген қарағандылықтардың бірлескен әрекетінің арқасында «Отан қорғаушылар» мемориалы 2001 жылы 9 мамыр Жеңіс күні салтанатты жағдайда ашылды.

Әдебиеттер:

- Досжан Д. Президенттің назары // Орт.Қазақстан.- 2003.- 13 наурыз.-2, 3 б.
- Досжан Д. Тәуелсіздік - тәтті сөз емес... // Орт.Қазақстан.- 2001.- 7 сәуір
- Жанғожин А. Астана - Қарағанды іскерлік көпірі ашылды // Орт.Қазақстан.- 2001.-28 наурыз
- Жанғожин А. Астана - Қарағанды іскерлік байланыс нығая береді // Орт.Қазақстан.- 2001.-31 наурыз
- Жанғожин А. Астана: алып дінгек алыстан қол бұлғайды /М.Сембай //Орт.Қазақстан.- 2001.-14 сәуір
- Жанғожин А. Астаналықтар қонаққа шақырылды // Орт.Қазақстан.- 2001.-3 наурыз
- Жанғожин А. Көмірлі Қарағандының көрікті тартуы: ["Отан қорғаушылар" архитектуралық көркемдік композициясы салтанатты ашылуы] //Орт.Қазақстан.- 2001.-12 мамыр
- Жанғожин А. Қарағанды: қолдан құйылған күдірет // Орт.Қазақстан.- 2001.-14 сәуір
- Жанғожин А. Мереке күндері де толассыз: Жыл обьктісі // Орт.Қазақстан.- 2001.-10 наурыз
- Жанғожин А. Мүсіндер осында сомдалады // Орт.Қазақстан.- 2001.-24 ақпан
- Жанғожин А. "Отан қорғаушылар" мемориалы: жұмыс кестеге сәйкес орындалуда: Облыс әкімшілігінде // Орт.Қазақстан.- 2001.- 27 қаңтар

Жанғожин А. Астана біздің жүрегімізде: Қазыналы қарашаңырақ /Е.Лұқпан //Орт.Қазақстан.- 2004.- 5 ақпан.-4 б.

Лұқпан Е. Қарағандылықтардың Астанаға тартуы: Тәуелсіздік жылнамасы // Орт.Қазақстан.- 2001.-5 желтоқсан

Назарбаев Н. Облыс жағдайы оңалып келеді: [Елбасы 23 желт. Қарағандыда болып жұртпен жүздесті] // Орт.Қазақстан.- 2000.-27 желт.

Сексенұлы С. Астанада асқақтаған мемориал: Тәуелсіздіктің он жылдығына - 10 игі іс // Орт.Қазақстан.- 2001.-7 қараша

Үндеу: Жыл объектісі // Орт.Қазақстан.- 2001.-14 наурыз

Анықтамасыз және тізімсіз қосымша даталар

7 ақпан 1931	Жазушы Юрия Михайлович Герттың туғанына 80 жыл
Ақпан 2001	«Жарқын» жасөспірімдер үйінің ашылғанына 10 жыл
8 наурыз 1901	Қазақстанның халық артисі, әнші, қазақ композиторы М.Ержановтың туғанына 110 жыл
25 наурыз 1866	Қазақстанның қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейхановтың туғанына 145 жыл
9 сәуір 1946	Жазушы, профессор Теңізбай Нәбиұлы Рахымжановтың туғанына 65 жыл
14 сәуір 1901	Өлкетанушы Леонид Федорович Семеновтың туғанына 110 жыл
Сәуір 1931	Тау-кен техникумыны құрылғанына 75 жыл (қазіргі Қарағанды техникалық колледж)
17 маусым 1946	Токаревка поселкесінің құрылғанына 65 жыл
21 маусым 1966	Қарағанды экономикалық университетінің құрылғанына 45 жыл
14 шілде 1911	Жазушы А.И. Брагиннің туғанына 100 жыл
15 тамыз 1906	Ғалым, биология ғылымының докторы Кәрім Мыңбаевтың туғанына 105 жыл
1 қыркүйек 1976	Қарағанды облыстық Ж.К.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасының құрылғанына 35 жыл
6 қыркүйек 1906	Жазушы, ғалым-әдебиеттанушы, аудармашы Сейділ Талжановтың туғанына 105 жыл
11 қыркүйек 1931	«Большевистская кочегарка» («Индустриальная Караганда») газетінің шығуына 80 жыл
3 қазан 1946	Жазушы Алдан Смайыловтың туғанына 65 жыл
4 қазан 1931	«Қарағанды пролетариаты» («Орталық Қазақстан») газетінің шығуына 80 жыл
10 қазан 1906	Ақын Николай Ильич Титовтың туғанына 105 жыл
7 қараша 1876	Қоғам қайраткері, заңгер, құқық магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 135 жыл
7 қараша 1931	Қарағандыда алғашқы радиохабардың эфирге шығуына 80 жыл
16 қараша 1936	Облыстық қаржы басқармасының құрылғанына 75 жыл
16 қараша 2001	«Валют-транзит» ҚӨҚ қаржы супермаркетінің ашылғанына 10 жыл
20 қараша 1931	«Донбасс – Қарағанды» камқорлық қозғалысының басталуына 80 жыл

Қараша 1976	Қарағанды педагогикалық училищесінің құрылғанына 35 жыл (қазіргі Қарағанды гуманитарлық колледж)
20 желтоқсан 1916	Жазушы Мұқан Иманжановтың туғанына 95 жыл
1856	Қарағандыбасы жайлауында көмірдің өндіріле бастағанына 155 жыл
1881	Көмірші-геолог Александр Александрович Гапеевтың туғанына 130 жыл
1891	Қазақтың тұңғыш математигі Ә.Ермековтың туғанына 110 жыл
1896	Қоғам қайраткері және публицист Абдолла Асылбековтың туғанына 110 жыл
1856	Ұстаз, ағартушы кәсіби дәрігер Бижан Хасеннің туғанына 155 жыл
1906	Көрнекті голог-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың туғанына 105 жыл
1916	Жазушы Баубек Бұлқышевтың туғанына 95 жыл
1926	Этнограф, музыкант Александр Викторович Затаевичтың Қарқаралы уезіне келгеніне 85 жыл
1926	Әнші, актриса Қайныкен Әлімбаеваның туғанына 85 жыл
1926	Жазушы Михаил Семенович Бродскийдің туғанына 85 жыл
1931	Ақтоғай ауданының құрылуына 80 жыл
1931	Қарағанды темір жолының іске қосылуына 80 жыл
1956	Қарағанды кондитер фабрикасының құрылғанына 55 жыл
1956	Қазақстан Жазушылар Одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесінің құрылғанына 55 жыл
1971	Айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың туғанына 40 жыл
2001	«Көгілдір тоғандар» шағын ауданында салынған алдағы ғасыр мектебіне 10 жыл

Құрастырған: **Телпекбаева С.О.** өлкетану бөлімі және цифрлау лабораториясының меңгерушісі